

Маханов Талгат Габитович

докторант, магистр юриспруденции, Академия правоохранительных органов
при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан, г. Астана, E-mail: makhanov1986@mail.ru

ШЫҒЫС АЗИЯ ЕЛДЕРІНДЕГІ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚЫЛМЫСТАРЫ ҮШІН ЖАЗА ТҮРЛЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ: САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Түйін. Мақалада Қазақстан Республикасы мен Шығыс Азия елдерінің қылмыстық заңнамасы бойынша жаза жүйесіне, сонымен бірге сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін жаза түрлеріне салыстырмалы талдау жүргізілген.

Резюме. В статье проведен сравнительный анализ системы наказания, а также видов наказания за коррупционные преступления в Республике Казахстан и стран Восточной Азии.

Summary. The article compares the system of punishment, as well as the types of punishment for corruption crimes in the Republic of Kazakhstan and countries of East Asia

Әлемдегі әрбір ел өз даму деңгейіне қарамастан туындайтын мәселелердің бірі сыбайлас жемқорлық болып табылады. Тіршіліктің әрбір саласын жойқындаушы сыбайлас жемқорлық, кез келген мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуына жағымсыз әсер етеді. Көптеген ғалымдар сыбайлас жемқорлық құбылысын толығымен мүлдем жойып жіберу өте қиын екендігін, тек көлемін азайтуға және оның салдарын шектеуге болатындығын ескереді.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін жаза қолдану мәселесі күні бүгінге дейін өзекті болып келеді. Сондықтан, жаңа экономикалық өзгерістер жағдайында сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін тиімді жаза түрлерін қолдануды зерттеу қажет. Сол үшін, ғылыми зерттеу әдістерінің бірі ретінде, аталған қылмыстар үшін жаза түрлеріне салыстырмалы талдау жүргізуді жөн деп есептейміз.

Мәселен, Шығыс Азия елдерінде де сыбайлас жемқорлықпен күрес мәселесі өзекті болып отыр. Шығыс Азия елдеріне: Қытай Халық Республикасы (халқы 1,379 млрд.), Корей Халық Демократиялық Республикасы (25,37 млн.), Корея Республикасы (76,5 млн.), Моңғолия (3 млн.), Жапония (127 млн.) жатады.

Тарнспаренси Интернэшнл сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі халықаралық үкіметтік емес ұйым жүргізген зерттеулерге

сүйенсек, сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі бойынша 2016 жылғы рейтингінде келесідей көрініс байқалады (балл бойынша іріктеу):

- Жапония 20/176 ранг, 72/100 балл (2015 ж. – 75, 2014 ж. – 76, 2013 ж. – 74, 2012 ж. – 74);
- Корея – 52/176 ранг, 53/100 балл (2015 ж. – 54, 2014 ж. – 55, 2013 ж. – 55, 2012 ж. – 56);
- Қытай – 79/176 ранг, 40/100 балл; (2015 ж. – 37, 2014 ж. – 36, 2013 ж. – 40, 2012 ж. – 39);
- Моңғолия 87/176 ранг, 38/100 балл (2015 ж. – 39, 2014 ж. – 39, 2013 ж. – 38, 2012 ж. – 36);
- Қазақстан 131/176 ранг, 29/176 балл (2015 ж. – 28, 2014 ж. – 29, 2013 ж. – 26, 2012 ж. – 28).

- КХДР – 174/176 ранг, 12/100 балл (2015 және 2012 жылдары – 8) [1];

Салыстыруға алынған елдер арасында Жапония мен Корея Республикасы жоғары рангқа және баллға ие болып отыр. Сонымен қатар, аталған елдердегі тіркелген сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары бойынша:

Моңғолияда 1,4 есе өсім бар (2012 ж. – 165, 2013 ж. – 198, 2014 ж. – 239, 2015 ж. – 238) [2];

Қытайда 1,6 есеге өсім (2013 ж. – 33266, 2014 ж. – 44685, 2015 ж. – 52920) [3];

Жапонияда 1,3 есеге түсім (2010 ж. – 83, 2011 ж. – 74, 2012 ж. – 64) [4];

Қазақстанда 1,6 есе өсім (қозғалған қылмыстық істер саны бойынша) (2012 ж. – 1707, 2013 ж. – 1844, 2014 ж. – 2022, 2015 ж. – 2733, 2016 ж. – 2807) көрініп отыр.

Міне, Жапонияны қоспағанда өзге елдерде сыбайлас жемқорлық қылмыстардың өсімін көріп отырмыз, сондықтан аталған қылмыс түрлеріне белгіленген жаза түрлерін сипаттауды қажет етеді.

1. Қытай Халық Республикасының Қылмыстық кодексінде (бұдан әрі – ҚХР ҚК) жазалар:

- негізгі жазалар (33-бап);

- қосымша жазалар (34-бап) болып бөлінеді.

Негізгі жазалар:

- қадағалау (3 айдан 2 жылға дейінгі мерзімге тағайындалады, сотталған адам қадағалаушы орган қойған талаптарды орындауы тиіс, (38-41 бб.);

- қысқамерзімді қамаққа алу (1 ай және 6 ай аралығында тағайындалады, айына 1-2 күн үйге баруға болады, (42-44 бб.);

- мерзімді бас бостандығынан айыру (6 айдан 15 жылға дейінгі мерзімге тағайындалады, түрмеде немесе еңбекпен түзету мекемелерінде орындалады, (45-47 бб.);

- мерзімсіз бас бостандығынан айыру (өмір бойына мерзімсіз тағайындалады, (46-47 бб.);

- өлім жазасы (ату арқылы орындалады, (49-51 бб.).

Қосымша жазалар:

- ақшалай айыппұл (істің мән-жайларына сәйкес, белгілі бір сомада тағайындалады, (52-53 бб.);

- саяси құқығынан айыру (1 жылдан 5 жылға дейінгі мерзімге тағайындалады, (54-58 бб.);

- мүлкін тәркілеу (жеке мүлкі тәркіленеді, 59-60 бб.) [5];

2. Корей Халық Демократиялық Республикасы Қылмыстық кодексінде бойынша қылмыс жасаған тұлғаға негізгі және қосымша жазалар тағайындалады.

Негізгі жазалар:

- өлім жазасы (ату арқылы орындалады (29-бап);

- өмір бойы және шектеулі мерзімдегі түзеу жұмыстары (1 жылдан 15 жылға дейінгі мерзімге тағайындалады, арнайы еңбек лагерінде түзеу жұмысын орындау арқылы орындалады (30-бап);

- міндетті жұмыстар (6 айдан 2 жылға дейінгі мерзімге тағайындалады, сот белгілеген орында міндетті жұмыс істеу арқылы орындалады (31-бап).

Қосымша жазалар:

- дауыс беру құқығынан айыру (тағайындалған негізгі жаза мерзімі аяқталғаннан бастап есептеледі, 5 жылдан аспауы керек (32-бап);

- мүлкін тәркілеу (33-35 бб.);

- белгілі бір лауазымды атқару құқығынан айыру (уақытша және мерзімсіз болып бөлінеді, уақытша түрі 3 жылдан аспайтын мерзімге тағайындалады (36-37 бб.) [6].

3. Корея Республикасының Қылмыстық кодексінде (бұдан әрі – КР ҚК) жазалар:

- өлім жазасы (түрмеде дарға асу арқылы орындалады);

- каторгалық жұмыс (түрмеге қамалған кезде бірге орындалатын жаза, өмір бойы немесе шектеулі болады, шектелген мерзімі 1 айдан 15 жылға дейін, жазаны ауырлату үшін 25 жылға дейін ұзартып тағайындауы мүмкін);

- бас бостандығынан айыру (бұл да өмір бойы және шектеулі, мерзімі 1 айдан 15 жылға дейін, ауырлату жағдайында 25 жылға дейін ұзартуы мүмкін, түрмеде орындалады);

- біліктілікті айыру (өлім жазасы, өмір бойы каторгалық жұмыс, өмір бойы бас бостандығынан айыру жазаларымен бірге тағайындалады, яғни 1) лауазымды тұлға болу құқығынан, 2) қоғамдық құқыққа сәйкес сайлау құқығынан, 3) қызмет атқару құқығынан, 4) заңды тұлғаның басшысы, аудиторы, инспекторы, кураторы болу құқығынан айыру);

- біліктілікті тоқтамға алу (аталған құқықтарды каторгалық жұмыс пен бас бостандығынан айыру жазалары негізінде, 1 жылдан кем емес 15 жылдан аспайтын мерзімге тағайындайды);

- айыппұл (50 000 вон және одан көп мөлшерде салынады, жазаны жеңілдету кезінде 50 000 воннан кем мөлшерде тағайындалуы мүмкін);

- қамаққа алу (1 күннен 30 күнге дейінгі мерзімде тағайындалады және түрмеде орындалады);

- аз айыппұл (2000 воннан 50 000 вонға дейінгі мөлшерде тағайындалады);

- тәркілеу (тәркілеуге тек қылмыстық жолмен алынған заттар және қылмыс жасауға қажетті заттар жатады және негізгі жазаға қосымша жаза ретінде тағайындалады).

Сонымен қатар, бір айырмашылығы айыппұл мен аз айыппұлды тағайындаған кезде судья айыппұл сомасын өтеу үшін жұмыс үйіне қамау мерзімін (айыппұл үшін – 1 күннен кем емес, бірақ 3 жылдан көп емес; ал аз айыппұл үшін – 1 күннен 29 күнге дейін) бекітеді [7].

4. Монғолия Қылмыстық кодексі бойынша қылмыс жасаған тұлғаға:

- айыппұл (5-тен 500 жалақының ең төменгі мөлшері, (47-бабы);

- белгілі бір қызметпен және белгілі бір бизнеспен айналысу құқығынан айыру (1 жылдан 5 жылға дейінгі мерзімде, (48-бабы);

- мүлкін тәркілеу (49-бабы);
 - мәжбүрлі еңбекке салу (100-ден 500 сағатқа дейін, күніне 3 сағаттан кем емес уақытқа, (50-бабы);
 - қамаққа алу (1 айдан 6 айға дейінгі мерзімде, (51-бабы);
 - бас бостандығынан айыру 1 жылдан 15 жылға дейін, аса ауыр қылмыстарға 25 жылға дейін, (52-бабы);
 - өлім жазасы (ату арқылы орындалады, (53-бабы) тағайындалады [8].
5. Жапонияның Қылмыстық кодексінде (бұдан әрі – ЖҚК) негізгі жазалар:
- өлім жазасы (түрмеде дарға асу арқылы орындалады) (ЖҚК 11-бабы);
 - мәжбүрлі еңбекке тартумен қоса бостандығынан айыру (бір айдан он бес жылға дейінгі мерзім аралығында түрмеге қамау арқылы тағайындалады) (ЖҚК 12-бабы);
 - мәжбүрлі еңбекке тартусыз бостандығынан айыру (түрмеге қамау) (бір айдан он бес жылға дейінгі мерзім аралығында түрмеге қамау арқылы тағайындалады) (ЖҚК 13-бабы);
 - ақшалы айыппұл (он мың иеннен басталады, жеңілдету жағдайында сол мөлшерден кемітіледі) (ЖҚК 15-бабы);
 - қылмыстық қамаққа алу (қамаққа алу үйінде ұстау арқылы бір күннен бастап отыз күнге дейінгі аралықтағы мерзімге тағайындалады) (ЖҚК 16-бабы);
 - аз айыппұл (бір мың иеннен он мың иенге дейінгі аралықтағы мөлшерде тағайындалады) (ЖҚК 17-бабы).
- Қосымша жаза (ЖҚК 19-бабы) мүлікті тәркілеу болып саналады [9].
6. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі бойынша қылмыс жасағаны үшін

кінәлі тұлғаларға келесі жазалар қолданылады:

- айыппұл;
- түзеу жұмыстары;
- бас бостандығын шектеу;
- бас бостандығынан айыру;
- өлім жазасы.

Сонымен қатар, қосымша жазалар:

- мүлкін тәркілеу;
- арнаулы, әскери немесе құрметті атағынан, сыныптық шенінен, дипломатиялық дәрежесінен, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградаларынан айыру;
- белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру;
- Қазақстан Республикасының азаматтығынан айыру;
- шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу қолданылуы мүмкін [10].

Жаза түрлері бойынша ұқсастықтары: барлық елде өлім жазасы, бас бостандығынан айыру (мәжбүрлі еңбекпен қоса), айыппұл (түрлері бойынша) көзделген.

Бір айырмашылығы, тек Моңғолияда қылмыс жасағаны үшін айыппұл жазасы көзделмеген.

Сонымен, көрсетілген елдердің жаза түрлеріне шолу жасай отырып, осы жазалардың сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін белгіленуіне талдау жасаған жөн. Ол үшін сыбайлас жемқорлық қылмыстарының ішінде кең таралған пара алу қылмысы үшін тағайындалатын жаза түрлері түрлі болып келеді (1-кестені қараңыз).

1-кесте. Пара алу қылмысы бойынша жаза түрлері
(Отандық және Шығыс Азия елдері заңнамалары)

№	Мемлекет атауы	Қылмыстық кодекс бабы	Негізгі жаза	Қосымша жаза
1.	Қытай Халық Республикасы	8 Тарау. Сыбайлас жемқорлық және парақорлық. 383 және 386 баптар	1) Пара сомасы 100 мың юаннан асатын болса, 10 жыл және одан көп мерзімге не өмір бойы бас бостандығынан айыру, аса ауыр мән-жайларда өлім жазасы; 2) Пара сомасы 50 мың юаннан асатын болса, 5 жыл және одан асатын мерзімге бас бостандығынан айыру, аса ауыр мән-жайларда өмір бойы бас бостандығынан айыру; 3) Пара сомасы 5 мың юаннан асатын және 50 мың юаннан аспайтын болса, 1 жылдан 7 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру, аса ауыр мән-жайларда 7 жылдан 10 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру; 4) Пара сомасы 5 мың юаннан төмен болса, 2 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру немесе қамаққа алу.	Мүлкін тәркілеу
2.	Корей Халық Демократиялық Республикасы	242-бап. Пара алу.	1) басшы емес қызметкер пара алса, 2 жылдан аспайтын мерзімге түзеу жұмыстарына; 2) пара мөлшері ерекше ірі болса, 4 жыл мерзімге түзеу жұмыстарына	Қосымша жаза көзделмеген
		257-бап. Қызметкер басшысының пара алуы.	1) 2 жылдан аспайтын мерзімге түзеу жұмыстарына; 2) аса ірі мөлшердегі пара үшін 4 жыл мерзімге түзеу жұмыстарына тартылады.	
3.	Корея Республикасы	7 Тарау. Лауазымды адам міндеттерімен байланысты қылмыстар. 129-бап. Пара алу және алуға уәде беру.	5 жылдан кем емес мерзімге каторгалық жұмыс немесе 10 жылдан аспайтын мерзімге біліктілігін тоқтамға алу.	Мүлкін тәркілеу
		132-бап. Ізгі қызмет арқылы пара алу.	3 жылдан кем емес мерзімге каторгалық жұмыс немесе 7 жылдан аспайтын мерзімге біліктілігін тоқтамға алу.	
4.	Моңғолия	28 Тарау. Лауазымдық қылмыстар. 268-бап. Пара алу.	51-ден 250-ге дейінгі мөлшерде жалақының ең төменгі көлемінде айыппұл немесе 3 жылға дейінгі мерзімде белгілі бір қызметпен және белгілі бір бизнеспен айналысу құқығынан айыра отырып 5 жылға дейінгі мерзімде бас бостандығынан айыру.	Қосымша жаза көзделмеген
5.	Жапония	25 Тарау. Парақорлық пен байланысты қылмыстар. 197-бап. Параны алу, талап ету немесе алдын ала алу	Мәжбүрлі еңбекке тартумен қоса 3 жылға дейінгі мерзімге бостандығынан айыру; Егер, пара талап етілсе және ұсыныс түссе мәжбүрлі еңбекке тартумен қоса 5 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру	Қосымша жаза ретінде пара сомасы тәркіленеді.
		197-III. Ауыр мән-жайлар кезінде пара алу және кейіннен пара алу.	Құқыққа қайшы әрекеттер жасай отырып не жасамай пара алу мәжбүрлі еңбекке тартумен қоса 1 жылдан кем емес мерзімге бостандығынан айыру; Аталған әрекеттерді бұрын лауазымды адам болған тұлға жасаса мәжбүрлі еңбекке тартумен қоса 3 жылға дейінгі мерзімге бостандығынан айыру көзделген.	
4.	Қазақстан Республикасы	366 бап. Пара алу	1 бөлім: параның 50 еселенген сомасындағы айыппұл немесе 5 жылға дейін бас бостандығынан айыру	Мүлкін тәркілеу, өмір бойы белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру
			2 бөлім: параның 60 еселенген сомасындағы айыппұл немесе 3 жылдан 7 жылға дейін бас бостандығынан айыру	
			3 бөлім: параның 70 еселенген сомасындағы айыппұл немесе 7 жылдан 12 жылға дейін бас бостандығынан айыру	
			4 бөлім: параның 80 еселенген сомасындағы айыппұл немесе 10 жылдан 15 жылға дейін бас бостандығынан айыру	

Салыстыру нәтижесі көрсеткендей келесі тұжырым жасауға болады:

Ортақ белгілері: пара алу қылмыс құрамы, салыстырмалы-айқындалған санкция түрі, бас бостандығынан айыру жазасы салыстыруға жатушы елдердің барлығында көзделген.

Ерекшеліктері: тек Қытайда ғана аса ауыр жағдайларда пара алу кезінде өлім жазасын тағайындау көзделген. Қосымша жаза Қытай мен Моңғолияда көзделмеген.

Салыстырмалы талдауға сәйкес, Шығыс Азия елдеріне қарағанда, Қытайдан кейінгі, отандық заңнамада пара алу қылмысы үшін көзделген жазалардың көлемі ауырырақ екендігі көрінді (1-кестені қараңыз).

Алайда, заңнамалық бөліктің мықтылығына қарамастан, елімізде сыбайлас жемқорлық қылмыстар динамикасының аса төмендегені туралы айту қиынға соғып отыр.

Мәселен, 2017 жылдың I жартыжылдығы бойынша 2270 сыбайлас жемқорлық қылмыстары тіркелді (2016 жылдың I жартыжылдығында – 2844). Ал, көрсетілген есеп беру мерзімінде 784 паракорлық қылмыстары тіркелген (2016 жылдың I жартыжылдығында – 580). Сыбайлас жемқорлық қылмыстарының арасында қоғамға қауіптілігі аса жоғары паракорлық қылмыстары өсу қарқынын көрсетеді.

Сондықтан да, шетелдік тәжірибені зерделей отырып, ұлттық ерекшеліктер мен әлеуметтік-экономикалық жағдайларды ескере отырып, жаһандық қасірет болып отырған сыбайлас жемқорлық қылмыстарына қарсы іс-қимылды жүзеге асыруды тоқтатпауымыз керек. Оның ішінде, аталған қылмыс түрлеріне тиімді, әділ, мақсатты, орындалуы сотталушының жағдайына сай жаза түрін белгілеу, тағайындау және өтеу бойынша ұйымдастырушылық-құқықтық шараларды жүзеге асыру керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. *Транспаренси Интернэшнл ұйымының 2016 жылғы сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі бойынша рейтингісі. [Электрондық қор] - [Пұқсат режимі] https://www.transparency.org/news/feature/corruption_perceptions_index_2016 (қарау күні 25.10.2017.).*
2. <http://www.1212.mn/BookLibraryDownload.ashx?url=Yearbook2015>.
3. <http://www.stats.gov.cn/tjsj/ndsj/2016/indexeh.htm>
4. <http://www.npa.go.jp/english/index.html>
5. *Қытай Халық Республикасының Қылмыстық кодексі. [Электрондық қор] - [Пұқсат режимі] <http://www.bsu.ru/university/departments/faculties/uf/13244/13252/13362/13369/> (қарау күні 20.10.2017 ж.)*
6. *Корей Халық Демократиялық Республикасының Қылмыстық кодексі. [Электрондық қор] - [Пұқсат режимі] <http://www.wipo.int/wipolex/ru/details.jsp?id=14680> (қарау күні 20.10.2017)*
7. *Корея Республикасының Қылмыстық кодексі. [Электрондық қор] - [Пұқсат режимі] <http://www.bsu.ru/university/departments/faculties/uf/13244/13252/13365/13373/> (қарау күні 20.10.2017 ж.)*
8. *Моңғолия Қылмыстық кодексі. [Электрондық қор] - [Пұқсат режимі] <http://www.bsu.ru/university/departments/faculties/uf/13244/13252/13364/> (қарау күні 21.10.2017).*
9. *Жапония Қылмыстық кодексі. [Электрондық қор] - [Пұқсат режимі] <http://www.bsu.ru/university/departments/faculties/uf/13244/13252/13366/> (қарау күні 22.10.2017).*
10. *Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. [Электрондық қор] - [Пұқсат режимі] <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226> (қарау күні 25.10.2017 ж.)*